

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.03.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.03.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Марат Бақытжанұлы Бекетаев мырзаға беріледі.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Өздеріңізге мәлім, ұлттық заңнаманы жетілдіре отырып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын нақтылы қамтамасыз ету бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Алайда шешімін табуды қажет ететін проблемалар бар. Солардың бірі – жариялық құқықтық дауларды шешу мәселесі.

Атап айтқанда, қазіргі уақытта жария-құқықтық дауларда азаматқа қарсы мемлекеттік аппарат болған кезде тараптардың теңсіздігі орын алады және азаматтардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппарат ресурстарымен сәйкес келмейді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында атап өтті.

Осыған орай Мемлекет басшысы әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажеттілігін белгіледі. Осы міндеттерді шешу үшін Әділет министрлігі Жоғарғы Сотпен бірлесіп Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасын әзірледі.

Кодекстің жобасы бірнеше мақсаттарды көздейді.

Біріншіден, азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығын бекіту.

Екіншіден, жоғары тұрған орган мен сотта билік органдары дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілеу.

Осыған орай кодекс жобасы екі негізгі бөліктен тұрады. Ол – әкімшілік рәсімдер және әкімшілік сот ісін жүргізу.

Әкімшілік рәсімдерді реттеу бөлігінде жобада мынадай негізгі ережелер көзделеді.

Бірінші. Билік өкілеттігін тек мемлекеттік органдар ғана емес, өзге де тұлғалар жүзеге асыратынын ескере отырып, «әкімшілік орган» ұғымын бекіту ұсынылады. Бұл не үшін қажет?

Егер мемлекеттік емес субъекті азаматтардың құқықтарын іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдауға уәкілетті болса, онда ол кодекстің жобасында белгіленген кепілдіктерді сақтауға міндетті болады. Яғни, кодекстің ережелері, егер ол азаматтардың құқықтарын іске асырумен байланысты болса, мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің кез келген қызметіне қолданылатын болады.

Екінші. Билік субъектілері тарапынан ықтимал теріс пайдаланушылықтан жеке тұлғаларды қорғауға арналған жаңа қағидаттар енгізілуде. Мысалы, құқықтардың басымдылығы қағидаты құқық қолданушыларға барлық күмәндарды, қайшылықтарды және заңнама актілерін түсінбеуін азаматтардың пайдасына түсіндіруді міндеттейді.

Үшінші. Билік органдарының басқару шешімдерін қабылдау кезінде азаматтармен «кері байланысты» қамтамасыз ететін рәсімдік кепілдіктер бекітіледі.

Негізге ереже – билік субъектісі түпкілікті шешім қабылдау алдында мүдделі азаматтың пікірін тыңдауға міндетті.

Төртінші. Азаматтар үшін қолайлы құқықтық шешімдерді жоюдың ерекше тәртібі енгізіледі. Егер азаматтың кінәсі болмаса, ол оған қатысты қабылданған шешімнің заңды, дәйекті болып табылатынына және оның күші жойылмайтынына сенімді болуға тиіс.

Бесінші. Кодекстің жобасында міндетті түрде даулардың сотқа дейінгі шағымдану институты енгізіледі. Алайда бұл салық және кеден дауларына таралмайды. Шағымды қарау бойынша іс жүргізу жеделдетілген тәртіппен 15 күнге дейін өтеді.

Аталған институт азаматтардың сұрақтарын тез шешуге, уақытты үнемдеуге және сот шығыстарын азайтуға мүмкіндік береді.

Әкімшілік сот ісін жүргізу бөлігінде жобада мынадай негізгі ережелер көзделеді.

Сот ісін жүргізудің жаңа түрінің ерекшелігі – ол дәлелдемелерді жинау процесінде сот белсенділігінің күшеюі болады.

Бүгінгі таңда билік органдары дауларды азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды. Алайда қолданыстағы тәртіп бір жағынан билік органы және екінші жағынан азаматтың іс жүзінде тең еместігін ескермейді.

Белсенді рөлі принципін басшылыққа ала отырып, сот дәлелдемелерді дербес жинай отырып, даудың мән-жайын анықтауға міндетті болады.

Сот актілерінің орындалуына сот бақылау институты енгізіледі. Атап айтқанда, соттың талаптарын уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында 100 айлық есептік көрсеткішке дейін ақшалай жазаларды бірнеше рет қолдану мүмкіндігі көзделеді.

Құрметті депутаттар, кодекс жобасының ережелері әр түрлі алаңдарда талқыланды. Кодекстің жобасы Венециандық комиссиямен, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен қаралды және жалпы оң қорытынды алды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қабылдау мемлекет пен қоғам арасында туындайтын қатынастарға жаңа қарқын береді деп үміттенеміз.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Козлов Евгений Александровичқа беріледі.

КОЗЛОВ Е.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Я поддерживаю рассматриваемый законопроект и прошу коллег также его поддержать.

Уважаемый Марат Бакытжанович! Проект Административного процедурно-процессуального кодекса предусматривает объединение в одном законе положений административных процедур и административного судопроизводства. В то же время во многих странах мира эти положения разделены и регулируются самостоятельными законами. У нас с 2000 года действует Закон «Об административных процедурах». На мой взгляд, было бы достаточно разработать специальный закон об административном судопроизводстве.

Первый вопрос. Поясните, пожалуйста, почему разработчики разрешили объединить административные процедуры и административный процесс в одном кодексе?

Второй вопрос. Кроме того, согласно статье 8 Закона «О правовых актах» кодексы Республики Казахстан принимаются с целью регулирования однородных и важнейших общественных отношений, например, в сферах бюджета, природопользования, судопроизводства и так далее. Процедурные же правоотношения, возникающие при подготовке административного акта, по моему мнению, к важнейшим общественным отношениям не относятся и поэтому не должны быть в кодексе.

В сопутствующем законопроекте вы предлагаете административные процедуры отнести к важнейшим общественным отношениям, однако никакого обоснования этого решения не приводите.

В связи с этим скажите, пожалуйста, не связано ли такое решение разработчиков лишь с одним желанием прописать все в одном кодексе? Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопрос.

Главная цель разработки этого проекта кодекса – обеспечение более эффективных механизмов защиты прав и интересов граждан. Действительно, изначально разрабатывались два отдельных законопроекта – новый Закон «Об административных процедурах» и Административный процедурно-процессуальный кодекс. В процессе работы стало ясно, что разрабатываемые механизмы (например, право быть выслушанным, право на доверие, бремя доказывания на государственном органе) могут не заработать, потому что есть риск, что государственные органы будут пользоваться отраслевыми законами и в какой-то степени игнорировать новый Закон «Об административных процедурах». Поэтому было принято решение поднять эти нормы на уровень

кодекса и объединить с Административным процедурно-процессуальным кодексом. Таким образом, если будет поднят уровень этих норм, то они будут иметь приоритет, а значит – права граждан будут защищены более эффективно. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Жарасов Жанат Абдоллаұлына беріледі.

ЖАРАСОВ Ж.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Марат Бақытжанұлы! Өтініш берушіні тыңдау әкімшілік рәсімнің маңызды элементі болып табылады. Сондықтан кодекстің жобасында әкімшілік органның және лауазымды адамның әкімшілік рәсіміне қатысушыға осындай мүмкіндік беру туралы міндет жазылғандығы толықтай негізделген. Ол істің нақты мән-жайлары туралы өзінің ұстанымын білдіре алу үшін қажет.

Сонымен бірге 74-бап тыңдау өткізілмеуі мүмкін жағдайлардың ауқымды тізбесін келтіреді. Бұл туралы рәсімге қатысушының өзі өтінішхат білдірсе немесе тиісті түрде хабарланған қатысушы отырысқа келмесе түсінікті. Бірақ жобада келтірілгендей, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау талап етілсе, тыңдау өткізілмеуі мүмкін. Бұл жерде өтініш берушіні тыңдау рәсімі басқа мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне қалайша зиян келтіруі мүмкін? Соны түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, кодекс жобасымен белгіленген жағдайларда тыңдау рәсімін өткізу қажет емес, бұл бақылау және қадағалаумен байланысты, мысалы, қадағалау органы әуе кемесін пайдалануды тоқтатады. Бұл жағдайда тыңдау рәсімі орынды емес, өйткені әкімшілік актіні қабылдау азаматтардың қауіпсіздігіне байланысты. Сол себептен осы норма енгізілуде. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Верховного Суда и связан с отменой административного акта, благоприятного для гражданина, но принятого с нарушением законодательства. К примеру, акт о выделении земельного участка.

Статья 85 предусматривает, что такой незаконный акт не будет отменен при наличии трех обязательных условий:

если не затрагиваются государственные или общественные интересы;
если должностным лицом не совершены противоправные действия, установленные приговором суда;

если сам заявитель не предоставлял недостоверные документы.

Это новая важная гарантия защиты прав граждан. В законопроекте она названа правом на доверие участника административной процедуры. Такой гарантии в действующем законодательстве у нас нет.

В то же время у меня возникают следующие вопросы:

1. Нет ли здесь конкуренции данной нормы с принципом законности, поскольку акт все-таки незаконный?

2. Просчитывались ли вами риски возможного сговора между недобросовестными чиновниками и заявителем?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Бакытжанович, потом Верховный Суд.
БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопрос.

Да, такие риски просчитывались. Да, вопрос конкуренции с принципом законности рассматривался. Именно поэтому эти три условия были определены, чтобы решить эти проблемы.

Например, государственные и общественные интересы. Земля не должна выделяться на особо охраняемых территориях и в природоохранных зонах. Также не должны нарушаться права других землевладельцев. То есть это обеспечение условий государственных и общественных интересов.

По риску сговора. Если должностное лицо вступает в сговор, значит, оно совершает противоправное действие, что является вторым условием.

Естественно, сам заявитель должен выполнять все требования закона, не должен предоставлять недостоверные документы.

В целом принцип права на доверие помогает решить формальные, больше технические проблемы и защищает граждан, когда неправильно оформлен документ (например, не тот бланк использован или не та печать), тогда государственный орган будет обязан устранить такие нарушения самостоятельно и без дополнительных затрат для гражданина. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Жоғарғы Сот. Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызы.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Спасибо за вопрос.

Я полагаю, что охрана права на доверие – это уверенность гражданина в том, что любой благоприятный акт не будет отменен в последующем, например, при смене должностных лиц и так далее. Это при условии, что не будут нарушены общественные интересы. В том же случае, если общественные интересы будут нарушаться, данный акт будет отменен с возмещением ущерба. Поэтому любая страна, которая вводила этот принцип охраны права на доверия, сталкивалась с конкуренцией принципа законности и принципа охраны права на доверие.

В проекте кодекса предусмотрены возмещение ущерба и отмена благоприятного акта по этим трем основаниям, предусмотренным подпунктом 5) статьи 85. Это есть реализация и обеспечение принципа законности.

Что касается того, будут ли какие-то основания для того, чтобы должностное лицо и гражданин входили в сговор и выносили эти акты, думаю, ответственность никто не отменял, в том числе и должностного лица. В таких случаях наступает ответственность должностного лица при проведении проверки. Поэтому все эти риски просчитаны и предусмотрены в проекте. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

На самом деле охрана права на доверие – это, конечно, новый принцип для нас, но надо сказать, что в странах ОЭСР он уже давно распространен,

активно работает. Там вообще издавна функционирует административная юстиция.

Поэтому в целом надо понимать, что для законопослушного человека это право является своего рода гарантией от неправильного рассмотрения чиновником какого-то решения, защита от ошибок того же чиновника. Сейчас депутат об этом говорил, а также министр привел в своем примере.

Теперь гражданин может быть уверен, что однажды принятое государственным органом решение не может быть отменено. Может быть отменено только в двух случаях:

во-первых, решением суда, если затрагиваются интересы государства и общества;

во-вторых, если это вопрос коррупционной составляющей.

Мы с вами знаем, на практике немало случаев, когда, например, возводится жилье и при проверке вдруг выясняется, что акты на земельные участки оформлялись с нарушением законодательства, причем со стороны государственного органа, со стороны акимата. Законопослушный гражданин ни в чем не виноват, а решение полностью аннулируется. Теперь вот эта формула «я издал акт – я его и отменяю» работать не будет.

Что касается редакционной составляющей, о которой сейчас говорил депутат Мусин, то до второго чтения можно отработать, опять-таки вернувшись к опыту тех стран, где административная юстиция и охрана права на доверие уже работают многие годы.

Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергелұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратура және Жоғарғы Соттың өкілдеріне арналады.

Кодекс жобасында прокурордың әкімшілік процеске қатысуын қозғайтын бірқатар нормалар бар. Олардың барлығын айтпай-ақ қояйын, ол нормаларды сіздер жақсы білесіздер.

Сонымен қатар бірқатар Еуропа және басқа да елдердің заңдарында әкімшілік процеске прокурордың қатысуы мүлдем көзделмеген. Әкімшілік процеске прокурордың қатысуы қаншалықты орынды? Осыны айтып берсеңіздер.

ТӨРАҒА. Кімнен бастайық? Бас Прокурордың орынбасары Дембаев, содан кейін Жоғарғы Сот.

ДЕМБАЕВ Б.Б. Рақмет.

С одной стороны, вопрос о роли прокуратуры именно в административном процессе представляет большой интерес с теоретической точки зрения. Приводили пример по международному законодательству, но у нас своя Конституция. В целом она соответствует, конечно, международным нормам, но что касается Конституции, там прописано, что прокуратура осуществляет высший надзор и представляет интересы государства в суде. В действующем Гражданском процессуальном кодексе прописано, что прокурор представляет интересы, участвует и дает заключение только по тем делам, где

затрагиваются интересы государства. Конкретно перечень не определен. В Административном процедурно-процессуальном кодексе конкретно прописали те правоотношения, те споры, по которым будет принимать участие прокурор. Это по налоговым, таможенным, бюджетным, земельным, экологическим спорам. Их немного, в среднем в год мы будем участвовать в около 10 тысяч дел.

Мы всегда защищаем интересы государства. К примеру, только за 2017 – 2019 годы по налоговым спорам удовлетворено в интересах государства 114 протестов Генерального Прокурора на сумму 26 миллиардов тенге. Из них, хотел бы обратить особое внимание, 95 протестов на сумму 20 миллиардов тенге принесено по инициативе прокуроров, то есть сами налоговые органы, которые должны были инициировать этот вопрос, оставили без внимания.

От того, что этот прокурор будет участвовать в этих процессах, я думаю, будет только польза государству. Также мы будем принимать участие по избирательным делам и по делам, которые ограничивают права, свободы и законные интересы лиц, которые в силу физических и психических обстоятельств не могут самостоятельно защитить свои права.

В целом просил бы депутатов поддержать участие прокурора по всем делам, которые указаны в кодексе.

ТӨРАҒА. Әрине, Сіз айтқан мәселелер бойынша, әсіресе мемлекеттік бюджет мәселелері болса, мемлекеттік маңызы бар мәселелер болса, прокурордың қатысуы керек шығар. Біз осы кодексті қабылдай отырып, азамат пен мемлекеттің қарым-қатынасын теңестірдік. Солай емес пе? Солай.

Осы кодекс бойынша кейбір жағдайда азаматтардың рөлі мемлекеттік органдарға қарағанда жоғары. Біз екінші оқылымның алдында осы тізімді қарауымыз керек, қай мәселелерде прокурордың қатысуы қажет екенін. Батыс елдердің тәжірибесін алайық, оларда сотта азаматтық мәселелерді қараған кезде прокурорлар мүлде қатыспайды. Қазір прокурорлардың жүктемесі қандай?

ДЕМБАЕВ Б.Б. 2019 жылы прокурорлар 24 мың азаматтық іске қатысқан.

ТӨРАҒА. 24 мың.

ДЕМБАЕВ Б.Б. Иә, 24 мың.

ТӨРАҒА. Жалпы, сот процестері кезінде бір залдан екінші залға жүгіріп барып, іс бойынша дайындалған қағаздан оқып берген де дұрыс емес шығар.

ДЕМБАЕВ Б.Б. Ондай да болады.

ТӨРАҒА. Оны бәріміз білеміз. Бұрын Бас Прокурор болған Дауылбаевтың прокурорлардың алған қағазды оқитын уақыты да жоқ екенін айтқаны есімде бар. Осы істердің барлығына өздеріңіз кіріскендеріңіз де дұрыс емес шығар. Жаңа айттым ғой, осы кодексті қабылдай отырып, азамат пен мемлекеттің қарым-қатынасын теңестірдік. Сондықтан екінші оқылымның алдында ол тізімді қарап шығуымыз керек. Әрине, оны Бас прокуратурамен бірге қарау керек.

Айгүл Қуанышбайқызы Қыдырбаева.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Рақмет.

Мен Сізбен толық келісемін. Қазіргі кезде прокурор қылмыстық істерге қатысады, әкімшілік істерге қатысады, бірақ азаматтық істе прокурор қалып қойды. Әлемдегі тәжірибеге қарасақ, прокурорлар азаматтық және әкімшілік істерге қатыспайды. Біз заң жобасына прокурорды кіргіздік. Бас прокуратураның өкілі айтқандай, прокурорлар бюджетке қатысты салық, кеден, экологиялық мәселелерге қатысты істерге қатысуы керек.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Жаңа Бас Прокурордың орынбасары айтты, сол тізімді тағы қарап шығайық. Біз ұмытпауымыз керек, прокурор тікелей мемлекеттік органдардың атынан сөйлейтін тұлға екенін. Солай емес пе? Біз қарым-қатынасты теңестірдік. Ал сотқа прокурор келгеннен кейін мемлекеттің салмағы қандай болады және қатысып отырған азаматтардың салмағы қандай болады, соны екінші оқылымға дейін тағы қарап шығайық.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Бакытжанович! В соответствии с проектом кодекса административные акты принимаются государственными органами и негосударственными организациями, наделенными властными полномочиями. В свою очередь, согласно статье 79 рассматриваемого проекта, в случаях, когда требуется защита прав граждан и юридических лиц, общественных или государственных интересов, административный акт может приниматься в устной или иной форме. Могли бы Вы привести конкретные примеры устных актов или актов, вынесенных в иной форме?

Также нам представляется, что на практике может возникнуть путаница, к примеру, между устным актом и действием должностного лица. При этом под действием в проекте кодекса понимается юридически значимое действие, которое совершается административным органом, должностным лицом в публично-правовых отношениях, и не является административным актом.

Поэтому хотелось бы уточнить следующий вопрос: как граждане будут различать действия должностного лица от административного акта, вынесенного в устной или иной форме? Спасибо.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопросы.

Действительно, не все административные акты фиксируются на бумаге. Также есть устная форма. Примеры встречаются, но нечасто. Допустим, должностное лицо органа технического надзора при осмотре объекта может отдавать распоряжение по устранению тех или иных нарушений. Он может сказать: вот эти двери в торговом доме в целях пожарной безопасности должны быть открыты, не должны быть заперты на замок. Либо полицейский при выполнении своих обязанностей мог бы дать устные распоряжения и сказать, какие действия должен предпринять гражданин в тот или иной момент, а также на основании каких законов.

Путаницы, наверное, не возникнет по одной простой причине. Гражданину необязательно знать различия между актом и действием. Ему

будет достаточно заявить, что его права и интересы нарушены. Бремя доказывания теперь будет на государственном органе, должностном лице. Вот это различие, наверное, в большей степени необходимо для юристов, судов. Мы считаем, что вот такая форма граждан будет защищать лучше. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Казанцев Павел Олеговичке беріледі.

КАЗАНЦЕВ П.О. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мои вопросы адресованы докладчику и представителю Верховного Суда.

Проект кодекса регулирует вопросы административной юстиции, которая впервые создается в этом кодексе. Ее суть Вы в своем докладе пояснили. Действительно, административная юстиция образует эффективную систему правовых механизмов, позволяющих гражданам оспорить неправомерные акты и действия органов власти.

Если обратиться к опыту других государств, то соответствующий закон уже давно работает в развитых европейских странах, США, также принят в Литве, Азербайджане, Кыргызстане, Таджикистане, России. При этом в мире реализованы различные модели административной юстиции. Казахстан идет к внедрению административной юстиции уже более десяти лет.

Марат Бакытжанович, скажите, пожалуйста, опыт каких стран был вами изучен при разработке проекта кодекса и какую модель административной юстиции в итоге выбрал Казахстан?

Вопрос к представителю Верховного Суда: готова ли наша судебная система к рассмотрению споров в рамках административной юстиции, а также какие суды будут рассматривать такие вопросы? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Бакытжанович, потом Верховный Суд.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, десять лет уже прорабатывается введение административной юстиции. За это время были изучены разные модели. В мире их очень много, но существуют три основные группы – французская, немецкая и англосаксонская.

Проект Административного процедурно-процессуального кодекса основа на немецкой модели, но она взята не в чистом виде, а адаптирована к нашей правовой системе. Например, Германия – это федеративное государство, что мы учли. В Германии административные суды отделены от судебной системы. Этот момент мы тоже учли.

Мы также изучали опыт соседних стран, которые уже внедрили административную юстицию. У кого-то это успешно получилось, у кого-то – не очень. Их ошибки постарались учесть. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Айгуль Куанышбаевна, в отношении готовности судов.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Спасибо за вопрос.

Я полагаю, что судебная система готова рассматривать эти дела. У нас уже есть наработки. Эти дела будут рассматривать административные суды,

но эти суды будут отличаться от тех административных судов, которые сейчас существуют.

Дела об административных правонарушениях останутся в ведении этих судов. Мы еще работаем над названием. Рабочее название у нас есть – суды по правонарушениям. Дела административной юстиции будут рассматриваться во вновь создаваемых административных судах, но эти вновь создаваемые административные суды будут функционировать за счет внутренних штатных единиц. Мы новых дополнительных единиц не просим. Мы будем изыскивать за счет своего внутреннего резерва.

Кроме того, у нас есть материальная база, есть здания. Единственное, небольшая разница в заработной плате и для ремонта, на эти организационные вопросы. А так в целом судебная система готова. Мы уже разрабатываем планы обучения новых судей в новом формате. Поскольку это будут новые суды, у них должно быть совершенно другое мышление, они должны быть ориентированы на главный принцип административного судопроизводства – активная роль суда.

Обучение у нас будет на базе Академии правосудия. Международные эксперты готовы оказать нам содействие в проведении тренингов и обучающих мероприятий.

ТӨРАҒА. Айгуль Куанышбаевна, Вы сейчас описали действительно очень большой объем и институциональной, и организационной работы, которую нужно проделать Верховному Суду.

Рассматриваемый сейчас законопроект должен вступить в силу с какого числа?

БЕКЕТАЕВ М.Б. С 1 января 2021 года.

ТӨРАҒА. То есть с 1 января 2021 года любой гражданин может обратиться со своей жалобой в орган административной юстиции. Так, да? Поэтому возникает вопрос: готовы ли учреждения нашей судебной системы материально, организационно, юридически и, конечно же, кадрово к работе нового кодекса? Вы успеете?

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Полгода – это, наверное, маловатый срок. Желательно хотя бы год, хотя бы с июня 2021 года, поскольку будет необходимо провести конкурс, что займет примерно полгода, образование судов, то есть это организационные вопросы. В целом технически и кадрово мы готовы.

ТӨРАҒА. Когда в законопроекте?

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. По проекту стоит с 1 января 2020 года.

ТӨРАҒА. С 1 января 2020 года. Марат Бакытжанович ошибся, получается. Вы будете готовы к 1 января 2020 года?

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. К 1 января 2020 года мы не будем готовы, поскольку сегодня уже март 2020 года.

ТӨРАҒА. Извините, к 1 января 2021 года.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Вообще это маловатый срок.

ТӨРАҒА. Почему я спрашиваю? Не получится у вас так же, как это было со следственными судьями? Тогда мы прописали один срок, если вы помните, потом выяснилось, что судебная система не будет готова к этому сроку и пришлось на законодательном уровне опять переносить срок введения в действие следственных судов на год позже. Вы помните эту практику?

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Да, мы помним.

ТӨРАҒА. Не получится у вас так же?

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Поэтому, конечно, просьба Верховного Суда без спешки, фундаментально, кардинально, хорошенько подготовиться, чтобы наша административная юстиция заработала в полном формате, в полную силу с 1 января 2022 года.

ТӨРАҒА. Когда?

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. С 1 января 2022 года.

ТӨРАҒА. Это чье предложение?

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Это предложение Верховного Суда.

ТӨРАҒА. Марат Бакытжанович, слышите?

БЕКЕТАЕВ М.Б. Слышу.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Но если такая необходимость есть, то мы можем приложить все усилия и, в принципе, с 1 июня 2021 года заработать.

ТӨРАҒА. Давайте так, чтобы не было как на базаре, туда-сюда. До второго чтения, пожалуйста, четко отработайте. Вы проговорите с руководством Верховного Суда. Рабочая группа, отработайте, пожалуйста, со всеми государственными органами. Здесь нам нужно четко знать реальные сроки введения в действие данного кодекса. Мы должны подготовить, повторю, материально, юридически, организационно, кадрово таким образом, чтобы граждане с того срока, который определится законодательно, могли приходить и получать все, что необходимо от судебных органов в решении этого вопроса в рамках кодекса.

Поэтому до второго чтения надо рассмотреть вопрос и внести необходимые поправки по реальным срокам. Договорились? Пожалуйста.

Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Жоғарғы Сот өкіліне арналады.

Жақында жалпы отырыста біз Азаматтық процестік кодекске түзетулерді талқыладық. Осы кодекстегі жаңалықтардың бірі сот процесінде соттың рөлін бейтараптан белсендіге өзгерту болды.

Бүгін қаралып отырған жобада судья өзін белсенді ұстауға, талап қоюшыға көмектесуге, әкімшілік іс бойынша қосымша дәлелдемелерді өз бетінше жинауға, өзінің алдын ала пікірін айтуға міндетті екенін көреміз. Бұл, әрине, мемлекеттік органдардың шешімдеріне шағымданатын қарапайым азаматтардың жағдайын едәуір жеңілдетеді. Өйткені көбіне мемлекеттік органнан қажетті құжаттарды талап етудің өзі қиынға соғып жатады. Ал мемлекеттік органдар мен зейнеткердің немесе ауылдың қарапайым тұрғынының соттасуына шамасы жетпейді. Сондықтан да болар осы

санаттағы азаматтық даулардың статистикасы қазіргі кезде билік органдарының пайдасында.

Енді соттың белсенді рөлінің қағидатына сәйкес жағдай түбегейлі өзгеруі тиіс.

Сот жаңа жағдайда белсенді бола тұрып тәуелсіздік пен объективтілікті сақтай ала ма деген сұрақ туындайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Айгүл Қуанышбайқызы.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Соттың белсенді рөлі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте айрықша принцип болып отыр. Судья өзі дәлелдерді жинайды, объективті айғақтарды өзі дәлелдейді. Және бұндай жағдайда судья істі объективті түрде қарайды деп ойлаймын. Бұл принцип бізге қажет. Біз Әзербайжан мемлекетіне барғанда көрдік, мысалы, бізде үш бөліктің бір бөлігі азаматтың пайдасына шешілсе, Әзербайжанда 90 пайызға дейін әкімшілік шешімдер бұзылады, қазір ол 80 пайыз болды. Қазір біздің сот жүйесі оған дайын, осы принципті қолдана отырып істерді дұрыс қарайды деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Жалпы айтқанда, әр мемлекет соттың тәуелсіз әрі әділ болуын мақсат етеді. Сонда шешімді кез келген азамат, жалпы, қоғам үлкен құрметпен қабылдайды. Шешім дұрыс, әділ, тәуелсіз болса, онда ешкімде сұрақ туындамайды. Соттың басты мақсаты сол болу керек.

Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Бакытжанович! Мой вопрос связан с толкованием одной из норм статьи 1 проекта кодекса. Ее смысл вызывает, мягко говоря, удивление. Звучит она так (цитирую): «Положения иных законов Республики Казахстан, регулирующих административное судопроизводство, подлежат включению в настоящий кодекс». Получается, что в разработанный проект кодекса вошли не все нормы действующих законов, регулирующих административное судопроизводство, и что на момент вступления в силу кодекса будут существовать иные законы, содержащие нормы административного судопроизводства.

В этой связи возникают вопросы:

1. Кем должны быть внесены эти нормы, как не разработчиком?
2. Какой смысл вы вкладываете в эту норму? Не считаете ли вы ее излишней и требующей исключения из проекта?

Ответьте, пожалуйста.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопросы.

Эта норма направлена в будущее. В действующем сейчас законодательстве нормы, которые регулируют административное судопроизводство, отсутствуют, потому что институт административной юстиции только создается.

Цель этой нормы в том, чтобы административное судопроизводство не расплзлось по всем отраслевым законам и систематизировалось только в

рамках кодекса. Например, в Уголовно-процессуальном кодексе такая же норма и в Гражданском процессуальном кодексе такая же норма. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Марат Бақытжанұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Қожахметов Арман Төлешұлына беріледі.

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Парламент Мәжілісіне келіп түскен Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасы Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің жұмыс тобы шеңберінде жан-жақты қаралды.

Кодекс жобасының басты ережелері жөнінде жаңа ғана Әділет министрі толыққанды баяндама жасады.

Бұл кодекс жобасы еліміздің 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

Құқықтық тұжырымдамада әкімшілік іс жүргізу құқығын дамыта отырып, мемлекет пен азамат немесе ұйым арасында жариялы-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешетін әкімшілік әділет институтын енгізу қажеттілігі туралы айтылады.

Осылайша, әкімшілік сот ісін жүргізу қылмыстық және азаматтық іс жүргізумен қатар сот төрелігін жүзеге асырудың толыққанды нысаны болуға тиісті.

Кодекс жобасы бірыңғай заңнамалық актіде жария-құқықтық қатынастар саласында әкімшілік рәсімдерді жүзеге асырудың және сот ісін жүргізудің құқықтық негіздерін, қағидаттарын және ережелерін белгілейді.

Кодекс жобасын қарау барысында жұмыс тобымен редакциялық сипаттағы бірқатар түзетулер енгізілді, жекелеген нормалар қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес келтірілді. Сондай-ақ әкімшілік органдарының құзыретін нақтылайтын түзетулер ұсынылды.

Атап айтқанда, кодекс жобасында берілген терминдер мен түсіндірмелер ретке келтірілді, әкімшілік рәсімдер және әкімшілік сот ісін жүргізу қағидаттары, әкімшілік орган мен лауазымды тұлғаның өкілеттіктері нақтыланып пысықталды, әкімшілік сот процесін жетілдіруге бағытталған басқа да бірқатар түзетулер енгізілді.

Кодекс жобасының маңызды жаңалықтарының ішінде енгізіп жатқан «Соттың белсенді рөлі», «Құқық басымдығы» және «Сенімге құқықты қорғау» жаңа қағидаттарды атап өтуге болады. Бұл қағидаттар азаматтардың құқықтарын сотта қорғау кепілдіктерін күшейтеді.

Әкімшілік актіні қабылдау рәсімдері нақтыланады. Уәкілетті орган әкімшілік актіні қабылдамай тұрғанда өтініш берушіні міндетті түрде тыңдау

талабы енгізіледі. Дау туындаған жағдайда оны жоғары тұрған органда міндетті сотқа дейін қарау көзделеді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура және басқа да барлық мүдделі мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдары өкілдерінің қатысуымен кодекс жобасының таныстырылымы, сараптамалық кездесу, дөңгелек үстел және жұмыс тобының жиырма алты отырысы өткізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық тұрақты комитеттері кодекс жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Қорыта келгенде, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жобасын осы жалпы отырыста бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Арман Төлешұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасы Мемлекет басшысы Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруға арналған.

Бүгінгі таңда елімізде әкімшілік әділет заңнамасы өзекті және бұл тақырыптың соңғы он жылдан бері талқыланып келе жатқаны жасырын емес. Себебі бізде әлі күнге дейін жария құқықтық дауларды шешудің толыққанды тиімді тетігі қарастырылмаған. Бұл жағдайлар өз кезегінде мемлекеттік органдар мен соттарға деген сенімнің жоғалуына әкеледі. Сондықтан билік пен адам арасындағы қатынастарды реттеу қоғам үшін кезек күттірмейтін шаралардың бірі десем, мен қателеспеспін.

Заң жобасының түйткілді тұстары мен негізгі мақсаты туралы баяндамаларда айтылып кетті, сол себепті мен оларды қайталамаймын. Қазақта «Ауруын жасырған ажалды» деген сөз бар. Сол себепті заң жобасының кемшіл және жеткіліксіз тұстарына тоқталып кетпесек, онда сапаның да болмайтыны бесенеден белгілі. Сөзімізге арқау болып отырған депутаттардың түзетулерінің бірнешеуіне тоқталсам, олар, біріншіден, азаматтардың құқықтарын қорғауға, арыз-шағымдардың қарау барысында созбалаңдыққа салынбауына, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Нақтырақ айтсам, жобаның 77-бабы 4-тармағында және 99-бабы 3-тармағында әкімшілік рәсімді және шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы шешімдеріне осы кодексте белгіленген тәртіппен сотқа шағым бере алатыны туралы көрсетілген. Алайда жобада осы аталған нормалардың қолдану механизмдері мен қарау тәртібі мен мерзімі қарастырылмаған.

Сонымен бірге жобаның 100-бабы 3-тармағында шағымды қарайтын орган, төменгі әкімшілік органның шешімдері мен әрекеті немесе әрекетсіздігіне қарау оның құзыретіне жатпайтын жағдайда жіберілген кемшіліктерді анықтай отырып, оларды жою бойынша ұсыныстарын қайтадан

қарау үшін шағым жасалынған әкімшілік органға, лауазымды адамға жіберілетіні көрсетілген. Бірақ шағымды қарайтын органның бұндай ұсыныстарды қандай тәртіппен және қай мерзімде қаралатыны нақтыланбаған. Аталған кемшіліктер жобаның басқа да нормаларында бар. Олардың барлығына тоқталып кетуге уақыт жетпейді. Қазіргі кезде депутаттармен біршама түзетулер беріліп, олардың біразы жұмыс тобымен қабылданды, қалғаны талқылануда. Сондықтан заң жобасын қолдаймын және әріптестерді де қолдауға шақырамын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 105, «жақтағандар» – 105. Қаулы қабылданды.



Дүркіс: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің секретарі менжердісісі Майя Н. Майғандарь.